

С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің 60 жылдығына арналған «Сейфуллин оқулары– 13: дәстүрлерді сақтай отырып, болашақты құру» атты Республикалық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары = Материалы Республиканской научно-теоретической конференции «Сейфуллинские чтения – 13: сохраняя традиции, создавая будущее», посвященная 60-летию Казахского агротехнического университета имени С.Сейфуллина. - 2017. - Т.1, Ч.6. - С.94-97

КӘСІПТІК БІЛІМ БЕРУ ҮДЕРІСІНДЕ БІЛІМ МЕН РУХАНИ-АДАМГЕРШІЛІК ТӘБИЕ БЕРУДІҢ АРАҚАТЫНАС ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Қаныбекова С.М.

Бүгінгі таңда рухани құндылықтар қоғам талабына сай өзгерістерге ұшырап, адамдардың арасында ізгілік, әділдік, өзара көмек, төзімділік сияқты қарым-қатынастар орнатуына ықпал ететін құндылықтар мен әр жеке тұлғаның шығармашылық мүмкіндіктерінің ашылуы және оларды жүзеге асыруға түрткі болатын құндылықтарды зерттеу көкейкесті мәселелердің бірі болып отыр. Осы орайда қоғамдық мұраттар мен адамдардың тәлімдік үдерістері өзгерді, сондықтан да білім мазмұнын түбегейлі жаңғырту, әдістерді жаңарту жас ұрпаққа тәрбие мен білім беру технологияларын жетілдіру қажеттілігі туындауда. «Мәңгілік Ел» идеясына лайықты болашақ қоғам иелері жеткіншектер мен жастарға рухани-адамгершілік білім беру және тәрбиелеу Егеменді еліміздің да басты мақсаты болып отыр. Осыған орай барлық оқу-тәрбие ұйымдарында жас ұрпақты қоғамдағы, қоршаған ортадағы өзінің орны мен рөлін ұғынуына, өмірдің мәнін, яғни қарапайым ақиқатын түсініп, оны адами іс-әрекетке бағыттауына, интеллектуалдық әлеуетін адамгершілік, ізгілік жолында жұмсауына, рухани-тарихи мәдени мұралар мен халықтың салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын, әлем өркениетін жете бағалай білуіне септігін тигізетін пәндер ендірілді.

Қазіргі заман оқытушыдан тек өз пәнінің терең білгірі емес, тарихи танымдық, педагогикалық-психологиялық сауаттылық, саяси экономикалық білімділік, рухани-адамгершілік жағынан бай адамды және ақпараттық сауаттылықты талап етілуде. Ол заман талабына сай білім беруде жаңалыққа жаны құмар, шығармашылықпен жұмыс жасап, оқу мен тәрбие ісіне еніп, оқытудың жаңа технологиясын шебер меңгерген жан болғанда ғана, білігі мен білімі жоғары жетекші тұлға саналады. Қазіргі кезде, педагогикалық қызмет табиғатында шығармашылықты талап ететіні барлығымызға түсінікті. Адамның шығармашыл мүмкіндіктерінің дамуы тұлғаның интеллектуалды, эмоциялық, рухани деңгейінің баюына, өзін-өзі жетілдіруге, танытуға ұмтылуға нақты жағдай туады. Осыған байланысты ұстаздардың кәсіби дайындығының мақсаты да өзгереді. Кәсіби құзіреттіліктің қалыптасу үдерісі кәсіби білімнің, біліктің, іс-әрекеттің қалыптасуын қамтиды, ұстаздың жалпы мәдени дамуын, өзінің көзқарасының және тұлғалық кәсіби құнды қасиеттердің қалыптасуын қамтиды. Педагог мамандардың кәсіби құзіреттілігі күнделікті педагогикалық қызметте әр түрлі танылады және әр түрлі іске асады. Бұл бір уақытта өзгертуші әрі басқарушы, әрі тәрбие беруші мамандық болып табылады. Оны жүзеге асыру үшін болашақ мамандар құзіреттілік деңгейін үнемі жетілдіріп отыруы керек.

Рухани-адамгершілік білім беру үдерісі жалпыадамзаттық құндылықтарды күнделікті өмірде іс жүзінде қолдану арқасында ғана нәтижелі болады. Мұнда жалпыадамзаттық құндылықтардың біртұтас рухани мәнін көре отырып, оны ізгілік тәсілдемелері арқылы тәжірибеде тиімді қолдана алуы мен оның өмірмен байланысын аша алуы талап етіледі. Рухани-адамгершілік тәрбиесі өзіндік сананы дамытуға жағдай жасауды, жеке тұлғаның әдеп ұстанымын, оның қоғам өмірінің нормалары мен дәстүрлерімен келістірілетін моральдік қасиеттерін және бағдарларын қалыптастыруды болжайды. Рухани-адамгершілік құндылықтармен білім жүйесін дамытып қалыптастыру жаңа қоғамның дамуындағы мәні зор, маңызды бағыт болып табылады [1].

Рухани ізгілік педагогикасының негізін қалаушы ғалым, педагог Ш.Амонашвили: «Әрбір бала – керемет рухани күш иесі, ол шетсіз шексіздікті танып білуге ұмтылады. Мұндай ұмтылыс адам баласының бойында дүниеге келген сәтінен-ақ пайда болады, сондықтан да кез-келген мұғалім әр балаға рухани күш иесі ретінде қарау керек. Мұғалімнің мұндай көзқарасы баланың белсенділігін арттырады. Білімге деген құштарлығын көбейтеді. Балаға сеніммен қарау баланы тек қуаттандыра түседі» [2]. Осы орайда Шалва Амонашвилидің «Мектепті емес, мұғалімнің ішкі дүниесін реформалау қажет» деген ұлағатты сөзі басты ұстаным болуда. Тұтастай білім берудің негізгі мақсаты адам тұлғасының барлық аспектілері ақыл, қол, жүректің үйлесімді дамуын қамтамасыз ету және байсалды тұлғаны дамыту болып табылады. Сонымен қоса тұтастай білім беру адамның жаратылысынан бар рухани-адамгершілік қасиеттері мен құндылықтарын анықтап, ойы, сөзі, ісі бірлікте болатын мінез-құлықты тұлға тәрбиелеуге ықпал етеді. Рухани-адамгершілік тәрбиенің мәні адамзат баласының ғасырлар бойы жинаған рухани құндылықтарын жас ұрпақтың бойына сіңіру, оны одан әрі жаңғырту, тұлға бойындағы рухани-адамгершілік құндылықтарын аша білумен қатар оның ерекшелігі: адам баласының бойындағы жалпыадамзаттық құндылықтарды аша отырып, психологиялық, тәндік, рухани және әлеуметтік, шығармашылық дамуының үйлесімді дамуына бірден-бір септігін тигізетіндігінде. Сондықтан да бүгін педагогикаға жаңа әдіс-тәсілдерді табу емес, рухани-адамгершілік және зияткерлік білім беруді ықпалдастыруға мүмкіндік беретін неғұрлым айқын дүниетанымдық бағдар қажет. Педагогтар толық білім берудегі өздерінің жауапкершілігін түсінгенімен, бұл мәселе төңірегінде нақты стратегия болмай отыр. Тұтастай білім беру сыртқы білім ішкі білімнің өзара байланысы арқылы жүзеге асады. Білім берудегі сыртқы білім мен ішкі білім дегеніміз дегеніміз және олардың айырмашылықтары төменгі кестеде көрсетілді.

Кесте 1 - Білім берудің екі аспектісі

Интеллектуалды (сыртқы білім – ақыл үшін)	Рухани-адамгершілік (ішкі білім – жүрек үшін)
Сыртқы, интеллектуалды білім	Ішкі, рухани-адамгершілік білім
Сыртқы дүниені зерттейді	Ішкі дүниені зерттейді
Кітаби білім	Практикалық білім (тәжірибе арқылы)
Қалауларды оятады, сыртқы ортамен	Әрбір адамның жүрегінде

байланыс құралы бола алады	жасырынған жалпыадамзаттық құндылықтарды айқындайды
Дүниеде күн көру үшін ғана қажет	Өмірлік мақсаттармен байланысты (не үшін өмір сүру керек)
Интеллектіні дамытады	Интуицияны дамытады
Ақыл мен тәнге қарасты	Жүрекке қарасты
Сыртқы білімнің мақсаты – ақпарат беру	Ішкі білімнің мақсаты – трансформация (даналықты ояту)

Білім берудің екі аспектісін де үйлесімді дамыту қажет – зияткерлік (сыртқы, ақыл үшін білім беру) және рухани-адамгершілік (ішкі, жүрек үшін білім беру). Білім мен өмір сүруді әсем үйлесімділікке келтіру керек. Білім өмір сүру үшін қаражат табу емес, өмір сүруі үшін берілуі керек. Қазіргі кезеңде нақты білім беру мекемелерінің білім мазмұны мен іс-тәжірибесінде жалпыадамзаттық құндылықтардың мазмұны ойдағыдай ескеріле қоймайды. Педагог іс-әрекетінің қатаң қалыпқа салынуы, педагогика саласындағы тәрбие мен оқыту жүйесінің бұрынғы құндылықтары, дүниеге біртұтас көзқарасты «дайын күйде» беру тәсілі білім алушы тұлғалық дамуына кедергі келтіреді де, көптеген білімгерлер үшін рухани-адамгершілік құндылықтар абстрактілі, бейтарап деңгейде қалып қояды [3]. Рухани-адамгершілік тәрбие мен білім беру бағдарламасы негізінде дағды қалыптастыруда білім беру жұмысын негізге ала отырып, өмірмен байланыстыра білсе, көкірегі ояу, мінез-құлқы дұрыс, рухы биік, саналы ұрпақтар тәрбиеленіп шығары сөзсіз. Рухани-адамгершілік білім беру үдерісі жалпыадамзаттық құндылықтарды күнделікті өмірде іс жүзінде қолдану арқасында ғана нәтижелі болады. Мұнда педагог жалпыадамзаттық құндылықтардың біртұтас рухани мәнін көре отырып, оны ізгілік тәсілдемелері арқылы тәжірибеде тиімді қолдана алуы мен оның өмірмен байланысын аша алуы талап етіледі.

Педагогтің рухани білім беруіне оның дүниетанымы мен жеке мінез-құлық ерекшеліктерінің де ықпалы зор. Педагогтің дүниетанымдық ұстанымы – ықпалдастырудың барлық әдістемесінің негізі. Физика пәнінің мұғалімі Ирена Стульпинене «Физика жүрек тілімен» атты кітабында былай дейді: «Пәннің негізін анықтағаннан кейін, өз дүниетанымыма сәйкес оның мазмұнын түсіндіремін. Арнайы ешнәрсені жаттаудың қажеті жоқ, ол түсінік менің бұрыннан санамда, мен соның негізінде өмір сүремін. Алдыңғы қатарлы ғылыми ізденістер мен деректерді жоғалтпай, жинақтау керек. Түсінік шексіз ұлғая беруі мүмкін, алайда негіздерін сақтау қажет. Сабақтың мәтіні оқулықтың мазмұны мен ғылымның жаңа деректерінің бірі болып табылады. Дегенмен дүниетаным дегеніміз – осы білімдерге адами рең беру, жылыту, игілендіру, рухтандыру мүмкіндігі – бұл сабақтың мәтінінің астары» [4].

Білімге қызыққан бала неліктен оқығысы келмейді? Себебі неде, оны қалай жеңуге болады? Жауабы қарапайым: балалар білімді көксейді, оларға жанды, қызығушылығын арттыратын, ынталандыратын білім керек. Онда қандай білім жанды, қандай білім жансыз деген сұраққа жауап іздеп көрейік. Ұлы педагог, ізгілік педагогикасын шабыттандырушы Ш.А. Амонашвили жанды білім мен жансыз білімнің айырмашылығын анық көрсетіп, оған толық анықтама беріп өтеді.

Кесте 2 - Білім беру үдерісіндегі жанды және жансыз білім берудің ерекшеліктері

Жансыз білім	Жанды білім
Біз алдын-ала білетін, алайда мүлдем білмесек те болатын білім	Адамды рухтандырады
Айтыла салысымен бірден ұмыт қалатын білім	Білім беру мәдениетін құрайды
Жасөспірімдер мектептің табалдырығын аттамай жатып, мектепте қалдырып кететін және оған қызықпайтын білім	Ғылымның көкжиегіне бастайды; Өмірді жаңаша құруға жетелейді; Іздену үшін ойларды шабыттандырады;
Жансыз білім салмақ түсіреді	Жанды білім қанат бітіреді
Жаттанды кітаби білім	Нұрландырады және дамытады

Қорытындылай келе, білім беру үдерісінде білім мен рухани-адамгершілік тәрбие берудің тиімділіктеріне білім алушыларға берілетін ғылыми білім негіздерінің бірлігін, пәнаралық байланысын сақтау, олардың білімді тұтас қабылдауына, ұғымдарды меңгеруге, рухани-адамгершілік қасиеттерінің дамуына жағдай жасау, оқытудың тиімді әдістерін іздестіру жолдары, білімгерлердің шығармашылық тұлғасын қалыптастыруға, сондай-ақ жанды білім беру арқылы білім алушылардың рухани-адамгершілік әлеуеті терең ашылуы олардың ғылымға деген қызығушылығының артуына мүмкіндік береді

Әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасы үздіксіз білім беру жүйесіндегі тәрбие тұжырымдамасы // -Астана. 2009 – 4 б.
2. Амонашвили Ш. А. Здравствуйте, дети!: Пособие для учителя. Предисл. А. В. Петровского. Москва:, 1983. с-25.
3. Ivar Bråten. Beliefs about sources of knowledge predict motivation for learning in teacher education // Teaching and Teacher Education An International Journal of Research and Studies, Volume 50, August 2015, Pages 13–23.
4. Физика языком сердца: Приложение к курсу физики средней школы для духовно-нравственного воспитания. – Рига:, 2006. с-182.